

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 мамырдағы № А-5/97 қаулысы. Ақмола облысы Бұланды ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 27 мамырда № 1-7-133 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № А-07/272 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2012.07.11 № А-07/272 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қ а у л ы с ы м е н**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7- бабының 5-6) және 5-5) тармақшаларына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және жұмыс іздеуде қиындықтары бар интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған түлектерді әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының **к в о т а с ы** **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Б.С.Ізбасароваға** **ж ү к т е л с і н .**

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бұланды ауданының әкімі*

*Е.Нұғыманов*